




Үш арыс. 1894-1938 / "ТҮРКСОЙ"
Халықаралық ұйымы ; идеяның авт.
және жоба жетекшісі Д. Қасейінов. –
Германия : САРPro, 2019. – 252 б.



Үш байтерек / редактор Н. Айтұлы .–
Астана: Фолиант; Сәкен Сейфуллин
музейінің ұжымы , 2019. –
(«Сырсандық» сериясы)



Турысбек, Р. Қазақтың «үш
бәйтерегі» / Р.Турысбек. – Алматы :
Аруна , 2007 .– 10 б. – (Сен білесің
бе?).

«И. ШУХОВ АТЫНДАҒЫ ОРТАЛЫҚ
ҚАЛАЛЫҚ КІТАПХАНА» КММ

*Айрылыптыз асқар таудай Аханнан,
Сырбаз сері, дауылпаз сұңқар Сәкеннен.
Ілияс пен Бейімбеттей ақыннан,
Кетті нақақ, жұрттан сұмдық желадан.*

*... Кімге обалым, айтыңдаршы
Қаным қайда төгілген?
Ат деген кім? Атқан қайсың?
Қабірім қайда көмілген...?*



Құрастырған және безендірген:
ОҚК библиографы Г. Ж. Алқайдарова

**«И. Шухов атындағы орталық
қалалық кітапхана» КММ**

Мекен-жайы: СҚО, Петропавл қ.,
Брусилковский к., 65а
Телефон: 8(7152)50-04-11
8(7152)33-19-57

Сайт: shuhovlibrary.kz
E-mail: shuhov_lib@mail.ru
[@shuhov_kitapkhana](https://vk.com/shuhovlibrary)

<https://www.facebook.com/shuhovlibrary>



130
**Ұлылардың
дара жолы**

*Ілияс Жансүгіров
Сәкен Сейфуллин
Бейімбет Майлин*

Б У К Л Е Т

ПЕТРОПАВЛ Қ.,
2024

Ұлылардың дара жолы

Қазақ халқы «Үш бәйтерек» деп атап кеткен Ілияс Жансүгіров, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин қазақ әдебиетіне айтулы ақын, қарымды қаламгер, дарынды драматург ретінде үлкен үлес қосты. Олардың қаламынан Қазақстанның дарқан даласы, өндіріс орындары мен еңбек адамдарының іс - әрекеттері, өмірге деген құштарлықтары, болашаққа үміт – сенімдері кеңінен көрінеді. «Үш бәйтерек» ұлттық сөз өнерін азаматтық бейне, беделімен де, қайраткер, қаламгерлігімен де биік белеске көтерді. Ұлт руханиятын даңқты туындыларымен, тақырып байлығымен, жанрлық қырларымен, көркемдік әлемімен байытты.




Ілияс Жансүгіров

(5 мамыр 1894 —
26 ақпан 1938)

Қазақ поэзиясының Құлагері, сөзбен музыка, әуен, әуез әлемінің сұлу сарайын соққан, күй жаршысы, талғампаз лирик, шыншыл эпик ақын, шебер аудармашы, әдебиет, өнер зерттеушісі, халқын сүйген, сол жолда жазықсыз жазаланған ұлтжанды азамат-Ілияс Жансүгіров.

Ж а н а з а м а н д а бостандыққа қолы жетіп, бақытты өмір сүрген, халқымен



ж и ы р м а жылдай бірге жасасып және жақсы білген өмірін айқын бейнелеп, туған халқының жалынды жыршысы болған Ілияс поэзиясы шын халықтық, нағыз ұлттық поэзияның өрнекті үлгілерін салды.


Бейімбет Майлин

(15 қараша 1894 —
26 ақпан 1938)



Қазақ халқының тілін, мәдениетін, дәстүрін дамытуды, ұлттық сана-сезімдерін көтеруді мақсат еткен ақын, драматург, публицист Бейімбет Майлин шығармалары – қазақ өмірін, кедей тұрмысы мен тіршілігін, ауыл адамдарының еңбек әрекеттерін бейнелейді.

Оның шығармаларының көркемдік ерекшелігі, маңызы -



қарапайымдылығы мен шыншылдығында, табиғи тұнық келбетінде. Ақын-жазушы туындылары өз дәуірінің бүкіл тыныс-тіршілігін көрсете білген тарихи шығармалар.




Сәкен Сейфуллин

(15 қазан 1894 —
25 ақпан 1938)



Қазіргі қазақ әдебиетінің негізін құраушы, ақын және жазушы, қоғам, мемлекет қайраткері. Қазақстан жазушылар



одағының негізін қалаушысы. Алғашқылардың бірі болып Қырғыз АКСР Халық Комиссарлары Кеңесінің Төрағасы (1920–1925) (Премьер-Министр) қызметін атқарды.

Сәкен Сейфуллин — атамекен болашағының нұрлы, жарқын

болуын тіледі, барлық саналы ғұмырын, күш жігерін осы ізгілікті іске арнады. Сәкен айналасы жиырма жылдың ішінде қазақ дәулеті шалқыған, өнер - білімі гүлденген халықтардың қатарына қосуды армандады.

